

«KOREM» АҚ
Басқармасының 2025
жылғы «29» қыркүйектегі
№03-02/25 шешімімен
бекітілген

**Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін
генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған аукциондық сауда-
саттықты ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі
Әдістемелік нұсқаулар**

Астана қ. 2025 жыл

Мазмұны:

1 - тарау. Жалпы ережелер	3
2 - тарау. Өтініш берушілерді тіркеу және қатысушылардың аукциондық сауда-саттыққа қатысуға қолжетімділігін алу тәртібі.....	6
1 - параграф. Сауда жүйесінің деректер базасына Өтініш берушілерді онлайн тіркеу	6
2 - параграф. Ұйымдастырушымен шарт жасасу және оның қызметіне ақы төлеу тәртібі	7
3 - параграф. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз ету	9
3 - тарау. Сауда жүйесінде жұмыс істеу бойынша нұсқаулық өткізу	100
4 - тарау. Аукциондық сауда-саттықты өткізу мәселелері бойынша Ұйымдастырушы мен Уәкілетті орган, Есеп айырысу-қаржы орталығы арасындағы ақпарат алмасу.....	111
5 - тарау. Аукциондық сауда-саттықты өткізу	122
1 – параграф Аукциондық сауда-саттыққа дайындық	122
2 - параграф Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінім беру.....	133
3 – параграф Бағаларды есептеу және аукциондық сауда-саттықтың қорытындыларын шығару тәртібі аукциондардың Бірінші, Екінші және Үшінші түрлеріне бағаларды есептеу тәртібі	155
6 - тарау. Аукциондық сауда-саттықты өткізуді тоқтата тұру, уақытын ауыстыру немесе өткізбеу	177
7 - тарау. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға рұқсатты шектеу шарттары.	18
8 - тарау Аукциондық сауда-саттықты өткізу кезінде сауда залында байқаушылардың болу тәртібі	188
9 - тарау. Қорытынды ережелер.....	19

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтар (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулар) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2021 жылғы 30 сәуірдегі №161 бұйрығымен бекітілген Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес әзірленіп, аукциондық сауда-саттықты өткізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Әдістемелік нұсқауларда келесі ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:

1) генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған аукциондық сауда-саттық – аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушы аукцион негізінде электрондық жүйеде ұйымдастыратын және өткізетін, генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салу жөніндегі жобаларды іріктеуге және электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке олардың жеке тарифтерін айқындауға бағытталған процесс;

2) банк кепілдігі – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 қаңтардағы № 21 қаулысымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14915 болып тіркелген) Банк кепілдіктері мен кепілгерлігін беру қағидаларына сәйкес ресімделген және банктің клиентке (борышкер тұлғаға) оның өтініші негізінде үшінші тұлғаның (кредитор тұлғаның) пайдасына берілетін жазбаша құжат, осы құжат негізінде онда көрсетілген шарттарға сәйкес банк шекті соманы үшінші тұлғаға (кредитор тұлғаға) төлеуге міндеттенеді

3) бенефициар – пайдасына төлем және (немесе) ақша аудару жүзеге асырылатын тұлға;

4) сервердің жауап беру уақыты – «KOREM» АҚ сауда жүйесінің сервері мен клиенттің жұмыс орны арасындағы жауап беру уақытының секундпен көрсетілетін сандық мәні

5) өтініш беруші – аукциондық сауда-саттыққа қатысуды жоспарлайтын заңды тұлға;

6) генерациялаудың маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салу кезінде электр қуатының электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тариф – аукциондық сауда-саттық қорытындылары бойынша айқындалған тариф;

7) нұсқаулық – аукциондық сауда-саттыққа қатысушыларды сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесінің бағдарламалық жасақтамасымен жұмыс істеу бойынша оқыту процесі;

8) борышкер тұлға – эмитент банкке бенефициар пайдасына банк кепілдігі

немесе резервтік аккредитивті шығаруға тапсырма беретін заңды тұлға;

9) жеке кабинет – аукциондық сауда-саттыққа қатысушының операторы үшін сауда жүйесінде ұйымдастырушы ұсынған, логин мен құпиясөзден тұратын арнайы қолжетімділік арқылы іске асырылатын аккредиттелген цифрлық жұмыс орны;

10) бақылаушы – уәкілетті орган тағайындайтын, аукциондық сауда-саттық өткізу кезінде сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда залында сауда-саттық сессиясының өту барысын бақылайтын жеке тұлға;

11) бір жақты аукцион – аукциондық сауда-саттыққа қатысушылардың сараланған тізімінен аукциондық сауда-саттыққа қатысушылардың өтінімдерін дәйекті іріктеу жолымен жеңімпазды және жеңімпазға үміткерді (бұдан әрі – үміткер) анықтауға бағытталған аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру нысаны;

12) генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушы (бұдан әрі – аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушы) – уәкілетті орган айқындайтын, Заңда көзделген тәртіппен аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізуді жүзеге асыратын, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке және онымен үлестес тұлғаларға тиесілі заңды тұлға;

13) жаңартылатын -энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы (бұдан әрі – қаржы-есеп айырысу орталығы) – жүйелік оператор құратын және уәкілетті орган айқындайтын Заңда көзделген тәртіппен жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын объектілер, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген және тасқын сулардан өндірілген электр энергиясын (Қазақстан Республикасының Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің электр желілеріне жеткізілген) орталықтандырылған сатып алу және сату қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға;

14) генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізілімі – аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушы барлық аукциондық сауда-саттық қорытындылары бойынша қалыптастыратын және өткізілген сауда-саттық нәтижелерін растайтын құжат;

15) резервтік аккредитив – борышкер тұлға бенефициар алдындағы міндеттемелерін орындамаған жағдайдың басталуы кезіндегі соманы аккредитив бойынша бенефициардың пайдасына төлеу жөніндегі банктің міндеттемесі (резервтік аккредитив SWIFT жүйесі бойынша шығарылады);

16) электрондық құжат айналымы жүйесі – қатысушылары арасындағы қатынастар «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтар №370-II Заңымен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттелетін электрондық құжаттар алмасу жүйесі (бұдан әрі - ЭҚАЖ);

17) саудалық сессия – аукциондық сауда-саттыққа қатысушылардың өтінімдер беруі, аукциондық сауда-саттық тарифін айқындау жүзеге асырылатын

және аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізілімі қалыптастырылатын процесс;

18) уәкілетті орган – электр энергетикасы саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

19) генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған аукциондық сауда-саттыққа қатысушы (бұдан әрі – аукциондық сауда-саттыққа қатысушы) – аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушының электрондық жүйесінде тіркеуден өткен және аукциондық сауда-саттыққа қатысушы мәртебесін алған заңды тұлға;

20) бағаның өзгеру қадамы – сауда-саттыққа қатысушының сауда жүйесіне қайта берген өтінімі бағасының төмендеу интервалы;

21) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы;

22) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

23) бірыңғай сатып алушы – «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) көзделген тәртіппен электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті орталықтандырылған сатып алуды және электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша орталықтандырылған қызмет көрсетуді жүзеге асыратын, уәкілетті орган айқындайтын заңды тұлға;

24) генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған аукциондық сауда-саттыққа қатысушы – аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушының электрондық жүйесінде тіркеуден өткен және аукциондық сауда-саттыққа қатысушы мәртебесін алған заңды тұлға;

25) жүйелік оператор – орталықтандырылған оралымды-диспетчерлік басқаруды, басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмыс істеуді қамтамасыз етуді, Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесінде теңгерімді ұстап тұруды, жүйелік қызметтер көрсетуді және электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінен қосалқы көрсетілетін қызметтерді сатып алуды, сондай-ақ ұлттық электр желісіне техникалық қызмет көрсету мен оны пайдалану әзірлігінде ұстап тұруды жүзеге асыратын және оның дамуын қамтамасыз ететін ұлттық компания;

26) комиссия – аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушы жүзеге асыратын аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыруға және өткізуге байланысты шешімдер қабылдау мақсатында электр энергетикасы саласындағы уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган), мүдделі мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінің, жүйелік оператордың, бірыңғай сатып алушының және аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушының өкілдерінен кемінде 9 адамнан тұратын, уәкілетті орган

құратын комиссия;

27) қаржылық қамтамасыз ету – банк кепілдігі немесе резервтік аккредитив түріндегі қаржы ресурстары;

28) тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұтынушылар – уәкілетті орган қалыптастыратын және ресми интернет-ресурсында орналастыратын, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 10 желтоқсандағы № 489 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17923 болып тіркелген) Тұлғалар тобының тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес энергия өндіруші ұйымдар мен тұтынушылар қатарынан тұратын Тұлғалар тобының тізіліміндегі көтерме сауда нарығының субъектілері;

29) электрондық жүйе – интернет арқылы аукциондық сауда-саттық өткізуді қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық, техникалық, сауда, бағдарламалық компоненттер кешені.

Осы Әдістемелік нұсқауларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

2 - тарау. Өтініш берушілерді тіркеу және қатысушылардың аукциондық сауда-саттыққа қатысуға қолжетімділігін алу тәртібі

1 - параграф. Сауда жүйесінің деректер базасына Өтініш берушілерді онлайн тіркеу

3. Аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушы уәкілетті органнан аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушының электрондық жүйесінде тіркелуге рұқсат алған өтініш берушілердің тізімін алғаннан кейін Қағидалардың 36-тармағын ескере отырып, аталған өтініш берушілерді тіркеуді жүргізеді.

4. Аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушының электрондық жүйесінде тіркелу үшін аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушының электрондық жүйесінде тіркелуге рұқсат алған өтініш беруші онлайн-тіркелуден өту үшін аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушының ресми интернет-ресурсына жүгінеді және оның мекенжайына электрондық түрде мынадай құжаттарды ұсынады:

1) жарғының көшірмесі және өзге де теңестірілген құжаттар;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың көшірмесі;

3) заңды тұлғаның тиісті органының бірінші басшысын тағайындау туралы шешімнің көшірмесі;

4) өкілге сенімхат (егер мүдделерді білдіруді бірінші басшы жүзеге асырмаған жағдайда);

5) заңды тұлғаның деректемелері туралы ақпарат (банктік деректемелері,

мекенжайы, байланыс телефондары, электрондық мекенжайы).

5. Ұйымдастырушы тіркеу барысында ұсынылған өтініш берушінің құжаттарын ұйымдастырушының интернет-ресурсына жүгінген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде тексереді.

6. Өтініш беруші осы Әдістемелік нұсқаулардың 4-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, Ұйымдастырушы тіркеуден бас тартады, бұл туралы өтініш берушіні 2 (екі) жұмыс күні ішінде бас тарту себебін көрсете отырып, электрондық пошта арқылы хабардар етеді.

7. Ұйымдастырушы аукциондық сауда-саттыққа қатысуды жоспарлаған өтініш берушілерден құжаттарды қабылдауды уәкілетті орган бекіткен Кестеге сәйкес аукциондық сауда-саттық күнінің алдындағы жұмыс күнінің 18 сағат 00 минутынан кешіктірмей тоқтатады.

8. Өтініш беруші реквизиттер өзгерген жағдайда, құжаттамасы бар және құжаттамасыз аукциондық сауда-саттыққа қатысуды жоспарлаған күнге дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей реквизиттердің, сауда жүйесіне кіру құқығы бар қызметкерлер тізімінің өзгергені туралы Ұйымдастырушыны хабардар етеді.

9. Сауда жүйесіне кіру үшін қатысушы электрондық поштаны және жеке кабинетке кіру үшін өзі қалыптастырған парольді пайдаланады.

10. Сауда жүйесіне және жеке кабинетке кіру құқығын беретін пароль үшінші тұлғаларға берілмейді.

2 - параграф. Ұйымдастырушымен шарт жасасу және оның қызметіне ақы төлеу тәртібі

11. Өтініш беруші құжаттардың толық пакетін ұсынған жағдайда және тіркеу кезінде осы Әдістемелік нұсқаулықтың 4 және 6-тармақтарына сәйкес Ұйымдастырушы тарапынан ескертулер болмаған жағдайда, Ұйымдастырушы 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге электрондық құжат айналымы жүйесі (Documentolog ЭҚАЖ және/немесе орталықтандырылған сауда нарығының операторы айқындайтын өзге жүйелер) арқылы аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу бойынша қызмет көрсетуге шарттың (бұдан әрі – шарт) жобасын және аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу қызметі (бұдан әрі – қызмет) үшін төлем шотын Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы №370-II «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңының 7-бабының 1-тармағы және 10-бабының 1-тармағына сәйкес ЭЦҚ қолдану арқылы қол қою үшін жолдайды.

12. Өтініш беруші ұсынылған шарт жобасын қарастырып, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы №370-II «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңының 7-бабының 1-тармағына және 10-бабының 1-тармағына сәйкес электрондық цифрлық қолтаңба қолдану арқылы қол қойылған шартты Ұйымдастырушыға ЭҚАЖ арқылы Астана қаласының уақыты бойынша сағат 12:00-ге дейін өтініш беруші таңдаған аукциондық сауда-саттық

алдындағы жұмыс күні жолдайды

Ерекше жағдайларда Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, шартты ұсынылған формада қағаз жеткізгіште ресімдеуге және жасауға жол беріледі.

13. Ұйымдастырушының қызметі ақылы болып табылады және Шарт негізінде төленеді. Шарт бойынша төлем теңгемен жүзеге асырылады. Төлем формасы – қолма-қол ақшасыз, Ұйымдастырушының ағымдағы шотына аудару арқылы.

14. Бір шарт шеңберінде өтініш берушінің бірнеше аукциондық сауда-саттыққа қатысуына жол беріледі, бұл ретте Кестеде көзделген әрбір аукциондық сауда-саттық күні бойынша қызмет жеке төленеді.

15. Өтініш беруші Ұйымдастырушының қызмет құнын аукциондық сауда-саттық өтетін күннің алдындағы жұмыс күні Астана қаласының уақыты бойынша сағат 18:00-ден кешіктірмей төлейді.

16. Төлем фактісі ретінде өтініш берушінің ақшалай қаражатының Ұйымдастырушының есепшотына түсуі және/немесе өтініш берушінің төлем тапсырмасы мен кепілдік хатын Ұйымдастырушының атына жолдауы болып есептеледі.

17. Шарт жасалып, өтініш беруші Ұйымдастырушының қызметін төлегеннен кейін өтініш берушіге Ұйымдастырушының сауда жүйесінде аукциондық сауда-саттыққа қатысушы мәртебесі беріледі.

18. Өтініш беруші келесі шарттарды орындаған және сәйкес келген жағдайда аукциондық сауда-саттыққа қатысуға жіберіледі:

1) Бірыңғай сатып алушы ұсынған аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімнің қаржылық қамтамасыз етілуі бар өтініш берушілер тізіміне және комиссия шешімі негізіндегі қатысуға рұқсат беру хаттамасына сәйкес Ұйымдастырушының электрондық жүйесінде тіркеуге рұқсат алуы;

2) Қағидаларға сәйкес құжаттарды ұсынуы, шартты уақтылы жасасуы және шартқа сәйкес Ұйымдастырушының қызмет құнын төлеуі.

19. Ұйымдастырушы аукциондық сауда--саттықты нақты өткізгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде ЭҚАЖ арқылы өтініш берушіге шот-фактураны, орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісін және өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін жібереді.

20. Ұйымдастырушының қызметі үшін төлем өтініш берушіге келесі жағдайларда қайтарылмайды:

1) аукциондық сауда-саттыққа жіберілген өтініш беруші сауда-саттық сессиясы барысында сауда жүйесіне өтінім берген жоқ;

2) өтініш беруші аукциондық сауда-саттықтың қорытындыларына сәйкес аукциондық сауда--саттықтың жеңімпазы атанған жоқ;

3) Қағидалардың 86-тармағында көзделген себептер бойынша аукциондық сауда-саттықтар өткізілмеді деп жариялау.

21. Ұйымдастырушы өтініш берушіге төленген қызметтің құнын келесі жағдайларда қайтарады:

1) өтініш беруші келісімшартқа сәйкес өзі таңдаған аукциондық сауда-

саттыққа қатыса алмайтыны туралы Ұйымдастырушыны жазбаша түрде хабардар етіп, өзінің мөрі мен уәкілетті тұлғасының қолы қойылған өтініш хатының сканерленген нұсқасын Ұйымдастырушының koremadm@korem.kz электрондық поштасына аукциондық сауда-саттық өтетін күннің алдындағы күні Астана қ. уақыты бойынша сағат 18:00-ден кешіктірмей жіберуі қажет;

2) өтініш беруші өзі таңдаған аукциондық сауда-саттық күнінің алдындағы жұмыс күнінде Астана қ. уақыты бойынша сағат 18:00-ден кейін Ұйымдастырушының қызметі үшін төлем жүргізген;

3) Шартқа қол қойылғаннан кейін орын алған мемлекеттік органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы әрекеттері.

22. Ұйымдастырушы төленген қызмет құнының өтініш берушіге қайтарылуын келесі тәртіппен жүзеге асырады:

1) Ұйымдастырушы өтініш берушіге өзара есеп айырысу актісін жолдайды;

2) өзара есеп айырысу актісіне қол қойылғаннан кейін, өтініш беруші Ұйымдастырушының атына бұрын төленген қызмет құнын қайтару туралы және банк реквизиттері көрсетілген хат жолдайды;

3) Ұйымдастырушы өтініш берушіден хатты алғаннан кейін 3 (үш) банк күні ішінде қызмет құнының сомасын қайтарады.

3 - параграф. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз ету

23. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімнің қаржылық қамтамасыз етілуі (құжаттың түпнұсқасы) өтініш беруші тарапынан Уәкілетті органға ұсынылады және бұл өтініш берушінің аукциондық сауда-саттық жеңімпазы ретінде анықталған жағдайда, сатып алу шартын Қаржы-есеп айырысу орталығымен жасасатынына және сатып алу шартының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді енгізетініне кепіл болады.

24. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімнің қаржылық қамтамасыз етілуі туралы ақпарат құпия болып табылады және жария етуге жатпайды.

25. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімнің қаржылық қамтамасыз етілуі үшінші тұлғалардың талап ету құқықтарынан, сондай-ақ аукциондық сауда-саттыққа қатысушының және (немесе) жеңімпазының басқа да міндеттемелерінен бос болуы тиіс.

26. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімнің қаржылық қамтамасыз етілуі Қаржы-есеп айырысу орталығының пайдасына ресімделіп, аукциондық сауда-саттық басталатын күнге дейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Уәкілетті органға ұсынылуы тиіс.

27. Өтініш беруші аукциондық сауда-саттыққа қатысуға арналған өтінім бойынша қаржылық қамтамасыз етудің SWIFT жүйесі арқылы ресімделетін келесі түрлерінің бірін таңдайды:

- 1) банктік кепілдік;
- 2) резервтік аккредитив.

Банктік кепілдік немесе резервтік аккредитив теңгемен ресімделеді.

Аукциондық сауда-саттықтың жоспарланған күніне дейін 3 (үш) айдан кешіктірмей Уәкілетті орган Аукцион өткізу кестесіне қосымша ақпаратты (аукцион түрлеріне жеке-жеке) енгізеді, оның ішінде аукционға қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз етудің қажетті көлемін теңгемен көрсетеді.

28. Қаржы-есеп айырысу орталығы аукциондық сауда-саттық басталғанға дейін 2 (екі) сағаттан кешіктірмей сомаларын көрсете отырып аукционға қатысуға өтінім бойынша қаржылық қамтамасыз етуі бар өтініш берушілердің тізімін Ұйымдастырушыға жолдайды.

29. Ұйымдастырушы байқаушылардың қатысуымен аукциондық саудасаттықта өтініш беру үшін қаржылық қамтамасыз етілуі бар сауда жүйесінің дерекқорына өтініш берушілердің тізімін енгізеді.

30. Өтініш берушінің банктік кепілдік немесе резервтік аккредитив түрінде енгізген аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз ету бірыңғай сатып алушының банкке (банктерге) тиісті хат жіберуі арқылы мынадай жағдайлардың бірі басталған кезде тиісті аукциондық сауда-саттық өткізілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарылады (босатылады):

1) қатысушы аукциондық сауда-саттық қорытындыларына сәйкес аукциондық сауда-саттық жеңімпазы болмады (көрсетілген жағдай үміткерге қолданылмайды);

2) аукциондық сауда-саттық жеңімпазы немесе үміткері электр қуатын сатып алу шартын жасасты және электр қуатын сатып алу шартының талаптарын орындауын қаржылық қамтамасыз етудің қажетті көлемін енгізді.

31. Егер аукциондық сауда-саттықтың жеңімпазы электр қуатын сатып алу шартын жасасудан жалтарған және (немесе) Қағидалардың 95-тармағына сәйкес электр қуатын сатып алу шартының талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз етудің қажетті көлемін ұсынбаған жағдайда, бірыңғай сатып алушы Қағидалардың 76-тармағында көрсетілген тиісті банк кепілдігі немесе резервтік аккредитив бойынша төлемге талап қояды.

32. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз ету аукциондық сауда-саттық өткізілген күннен бастап кемінде күнтізбелік 120 (жүз жиырма) күн қолданылу мерзіміне ресімделеді және қайтарып алынбайтын болып табылады.

Үміткердің электр қуатын сатып алу шартын жасасу ниеті болған кезде үміткердің аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз ету мерзімі тиісті аукциондық сауда-саттық аяқталған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде кемінде күнтізбелік 90 (тоқсан) күн мерзімге ұзартылады.

3 - тарау. Сауда жүйесінде жұмыс істеу бойынша нұсқаулық өткізу

33. Сауда жүйесінің бағдарламалық қамтамасыз етуімен жұмыс істеу бойынша нұсқаулықтан өту үшін өтініш беруші келесі тәсілдердің бірін таңдай алады:

- 1) Аукцион ұйымдастырушыдан;
- 2) өздiгiнен.

34. Аукцион ұйымдастырушыдан оқудан өту үшін өтiнiш берушiге келесiнi жасау қажет:

- 1) Ұйымдастырушымен шарт жасасып, оның қызметi үшін ақы төлеу;
- 2) нұсқаулық өткiзу кестесiнен оқудан өту күнi мен уақытын таңдау;
- 3) Ұйымдастырушыға өтiнiм формасын және нұсқамаға жiберiлетiн өтiнiш берушiнiң қызметкерлерiнiң тiзiмiн жiберу;
- 4) нұсқама өткiзу бағдарламасымен танысу.

35. Ұйымдастырушы оқытуды аукциондық сауда-саттық өтетiн күннiң алдындағы жұмыс күнiнде Астана уақыты бойынша 18:00-ден кешiктiрмей тоқтатады.

36. Өтiнiш берушi Ұйымдастырушының интернет-ресурсында жарияланған оқу материалдарын өз бетiмен меңгеру арқылы оқудан өте алады.

4 - тарау. Аукциондық сауда-саттықты өткiзу мәселелерi бойынша Ұйымдастырушы мен Уәкiлеттi орган, Есеп айырысу-қаржы орталығы арасындағы ақпарат алмасу

37. Комиссия тиiстi аукциондық сауда-саттықтар өткiзгенге дейiн күнтiзбелiк 15 (он бес) күннен кешiктiрмей өтiнiш берушi осы аукциондық сауда-саттыққа қатысу үшін уәкiлеттi органға ұсынған құжаттардың болуын және Қағидалардың 47, 50 және 54-тармақтарында белгiленген талаптарға және аукциондық құжаттамаға сәйкес келуiн тексередi.

38. Ұсынылған құжаттары тиiсiнше Қағидалардың 47, 50 және 54-тармақтарында белгiленген талаптарға сәйкес келетiн өтiнiш берушiлер аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушының электрондық жүйесiнде тiркелуге рұқсат алады, бұл комиссияның тиiстi шешiмiмен бекiтiледi.

39. Ұсынылған құжаттары тиiсiнше Қағидалардың 47, 50 және 54-тармақтарында белгiленген талаптарға сәйкес келмейтiн өтiнiш берушiлер аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушының электрондық жүйесiнде тiркелуге жiберiлмейдi, бұл комиссияның тиiстi шешiмiмен бекiтiледi және олар тиiстi аукциондық сауда-саттыққа қатыспайды.

40. Комиссия құжаттарды тексерiп шыққаннан кейiн Уәкiлеттi орган үш (3) жұмыс күнi iшiнде электрондық жүйеге тiркеуге рұқсат алған тиiстi өтiнiш берушiлерге бұл рұқсат туралы хабарлайды, сондай-ақ электрондық жүйеге тiркеуге рұқсат алған өтiнiш берушiлердiң тiзiмi мен ақпараты Бiрыңғай сатып алушыға және Аукцион ұйымдастырушысына жолданады.

41. Ұйымдастырушы Уәкiлеттi органнан Қағидалардың 36-тармағына сәйкес электрондық жүйеге тiркеуге рұқсат алған өтiнiш берушiлердiң тiзiмiн алғаннан кейiн олардың тiркеуiн жүргiзедi.

42. Қаржы-есеп айырысу орталығы аукциондық сауда-саттық басталғанға

дейін 2 (екі) сағаттан кешіктірмей сомасы көрсетілген қаржылық қамтамасыз етуі бар өтініш берушілердің тізімін Ұйымдастырушыға жолдайды. Бұл тізім осы Әдістемелік нұсқаулардың 1-қосымшасына сәйкес қағаз және электрондық нұсқада рәсімделіп, Қаржы-есеп айырысу орталығының Уәкілетті тұлғасы қол қойған және мөрімен бекітілген болуы тиіс.

43. Қаржылық қамтамасыз етуі бар өтініш берушілердің тізімі қағаз түрінде ақпарат тасымалдаушысы салынған конвертте беріледі. Конверт мөрленіп, Қаржы-есеп айырысу орталығының мөрімен расталады. Қаржы-есеп айырысу орталығы ұсынған ақпарат құпия болып табылады және үшінші тұлғаларға жария етілмейді.

44. Қаржылық қамтамасыз етуі бар өтініш берушілердің тізімі салынған конверттің қабылданған күні мен уақыты аукциондық сауда-саттықтарды жүргізу журналына Ұйымдастырушының жауапты қызметкері тарапынан тіркеледі.

45. Егер қағаз және электрондық тасымалдаушылардағы қаржылық қамтамасыз етуі бар өтініш берушілер тізімінде көрсетілген ақпарат арасында айырмашылық болса, онда қағаз тасымалдаушыдағы ақпарат дұрыс деп есептеледі.

Деректердегі айырмашылық фактісі бақылаушылармен тіркеліп, сауда сессиясы аяқталғаннан кейін Ұйымдастырушы бұл туралы Қаржы-есеп айырысу орталығына және Уәкілетті органға хабарлайды.

46. Ұйымдастырушы сауда сессиясы басталғанға дейін 30 (отыз) минуттан кешіктірмей Қаржы-есеп айырысу орталығынан алынған аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдердің қаржылық қамтамасыз етілу көлемі туралы ақпаратты сауда жүйесіне енгізеді.

5 - тарау. Аукциондық сауда-саттықты өткізу

1 – параграф Аукциондық сауда-саттыққа дайындық

47. Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салу жөніндегі жобаларды іріктеу (реттілікпен басымдық тәртібімен) аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу арқылы мыналардың:

1) генерацияның маневрлік режимі бар генерациялайтын қондырғыларды орналастыру жоспарына (бұдан әрі – орналастыру жоспары) енгізілген және жүйелік оператор әзірлеген техникалық тапсырма негізінде уәкілетті органның тапсырысы бойынша бірыңғай сатып алушы дайындаған алдын ала техникалық-экономикалық негіздемелері бар алаңдар (бұдан әрі – аукциондық сауда-саттықтың Бірінші түрі);

2) жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдардың алаңдары (бұдан әрі – аукциондық сауда-саттықтың Екінші түрі);

3) алдын ала техникалық-экономикалық негіздемелері жоқ алаңдар (бұдан әрі – аукциондық сауда-саттықтың Үшінші түрі) арасында жүргізіледі.

Бұл ретте аукциондық сауда-саттықтар Заңның 15-5-бабының 11-тармағында көзделген, уәкілетті органмен жасалған реттеуші электр қуатын құруға арналған шартқа сәйкес Тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұтынушылар құратын генерациялайтын қондырғыларға қатысты өткізілмейді.

48. Уәкілетті орган аукциондық сауда-саттықты өткізудің болжамды күніне дейін 6 (алты) айдан кешіктірмей аукциондық сауда-саттықты өткізу графигін (бұдан әрі – График) әзірлейді және өзінің интернет-ресурсында жариялайды. Графикте көрсетілген ақпарат түзетуге жатпайды.

49. Аукциондық сауда-саттықтың сауда сессиясы анонимді түрде, қашықтан, интернет желісі арқылы Ұйымдастырушының сауда жүйесінің интернет-ресурсы арқылы өткізіледі.

50. Сауда сессиясы ашылғанға дейін аукциондық сауда-саттық ұйымдастырушысы:

1) электрондық жүйеге электр қуатының әзірлігін қолдау бойынша көрсетілетін қызметтік сатып алынатын көлемі туралы ақпаратты, шекті аукциондық тарифті және уәкілетті орган бекіткен графикке сәйкес ақпаратты енгізеді;

2) уәкілетті органнан алынған генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салу жоспарланатын резервке қойылған жер учаскелерінің болуы және электр желілеріне қосу нүктелері бойынша барынша жол берілетін қуатты көрсете отырып, энергия беруші ұйымдардың электр желілеріне қосылу мүмкіндігі жөніндегі ақпаратты электрондық жүйеге енгізеді;

3) электрондық жүйеге аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімде бірыңғай сатып алушыдан алынған қаржылық қамтамасыз етудің шамалары туралы ақпаратты енгізеді;

4) электрондық жүйеге жер учаскелері және ұлттық электр желілеріне қосылу нүктелері туралы ақпарат (аукциондық сауда-саттықтың тек Бірінші түрі үшін ғана) енгізеді.

2 - параграф Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінім беру

51. Сауда сессиясы аукциондық сауда-саттықты өткізу кезінде графикке сәйкес мерзімде өткізіледі және 30 (отыз) минутқа созылады.

Бұл ретте сауда сессиясы сауда сессиясы аяқталғанға дейін 5 (бес) минут ішінде аукциондық сауда-саттыққа қатысушылардан аукциондық тарифпен қолда бар ең төмен ұсыныстан төмен өтінім келіп түскен кезде 5 (бес) минутқа ұзартылады.

52. Сауда сессиясы ашылған сәттен бастап қатысушылардан өтінімдер қабылданады.

Сауда сессиясына қолжетімділік тек осы сауда сессиясына шартқа сәйкес қатысатын қатысушыларға ғана беріледі.

53. Сауда сессиясы барысында аукционның Бірінші түріне қатысушыларға келесі ақпарат қолжетімді болады:

1) Графикте көрсетілген аукциондық сауда-саттықтың сипаттамасын беретін жалпы ақпарат;

2) аукционға қатысуға берілген өтінім — осы аукционға қатысушы тарапынан Қағидалар мен аукциондық құжаттамаға сәйкес рәсімделген, аукциондық

баға мен өтінім берілген уақыты көрсетілген;

3) өзге қатысушылар берген өтінімдерде көрсетілген аукциондық бағалар, олардың берілу уақыты, сондай-ақ барлық берілген өтінімдердің ішіндегі ең төменгі аукциондық баға.

54. Сауда сессиясы барысында аукционның Екінші және Үшінші түрлеріне қатысушыларға келесі ақпарат қолжетімді:

1) Уәкілетті орган бекіткен Графикте көрсетілген аукциондық сауда-саттықтың сипаттамасын беретін жалпы ақпарат;

2) аукционға қатысуға берілген өтінім — осы аукционға қатысушы тарапынан Қағидалар мен аукциондық құжаттамаға сәйкес рәсімделген, ұсынылған электр қуатының дайындық қызметінің көлемі, аукциондық бағасы және өтінім берілген уақыты көрсетілген;

3) басқа қатысушылар берген өтінімдерде көрсетілген электр қуатының дайындық қызметінің аукциондық бағалары мен көлемдері, олардың берілу уақыты, сондай-ақ осы аукцион шеңберінде іріктеу көлеміне толықтай кірмейтін қызмет көлемдері.

55. Қатысушының аукционға қатысуға беретін өтінімінде келесі негізгі мәліметтер болуы тиіс:

1) қатысушының атауы;

2) қосылған құн салығын есепке алмағанда, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында көрсетілген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру жөніндегі көрсетілетін қызметке аукциондық баға;

3) осы аукциондық сауда-саттыққа арналған Графикте көрсетілген (бұдан әрі — іріктеу көлемі) электр қуатының әзірлігін ұстап тұру жөніндегі көрсетілетін қызметтің тиісті көлемінен аспайтын МВт-пен 50 (елу) МВт-қа тең немесе одан асатын мәні бойынша (бүтін санға дейін дөңгелектеніп көрсетіледі) электр қуатының әзірлігін ұстап тұру жөніндегі көрсетілетін қызметтің көлемі (тек Екінші және Үшінші түрдегі аукциондық сауда-саттықтар үшін).

56. Өтініш беруші қатысушының аукционға қатысуға берген өтініміне нөмір беріледі, бұл нөмір өсу ретімен және сандар тізбегін үзбей тағайындалады.

57. Қатысушылар аукциондық сауда-саттық сессиясы барысында аукционға қатысуға арналған өтінімдерді сауда жүйесіне енгізеді, бұл ретте өтінімдерде көрсетілетін бағалар шекті аукциондық тарифтің мөлшерінен аспауға тиіс.

58. Аукциондық сауда-саттық сессиясы барысында қатысушылар ұсынған аукциондық бағалары басқа қатысушылардың өтінімдеріндегі аукциондық бағалармен дәл сәйкес келетін өтінімдер электрондық жүйе арқылы қабылданбайды.

59. Қатысушының аукционға қатысуға арналған өтінімі электрондық жүйеге енгізілгеннен кейін жойыла алмайды.

60. Қатысушылар өз қалауы бойынша аукциондық өтінімдерді қабылдау уақыты аяқталғанға дейін бұрын берген өтінімінің орнына жаңа өтінім бере отырып, оны өзгерте алады. Бұл ретте жаңа өтінімде көрсетілген баға алдыңғы өтінімдегіден төмен болуы тиіс, ал бұрын көрсетілген көлем өзгермейді. Бағаны өзгерту қадамы — айына 1 (бір) МВт үшін кемінде 10 000 (он мың) теңге.

61. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдер берілген күн мен уақытты тіркеу аукцион ұйымдастырушысының электрондық жүйесінде миллисекундтық дәлдікпен жүзеге асырылады.

62. Қатысушының сауда жүйесіне берген аукционға қатысуға арналған өтінімі жойыла алмайды.

63. Осы Әдістемелік нұсқаулыққа сәйкес рәсімделген өтінімді сауда жүйесіне енгізу — Өтініш беруші қатысушының өтінімде көрсетілген баға бойынша Қаржы-есеп айырысу орталығымен электр қуатын сатып алу шартын жасасуға толық келісетінін айғақтайтын жеткілікті және қажетті дәлел болып табылады.

Интернет желісі арқылы жіберілетін өтінімдер қатысушының сауда жүйесіне кіру кілті ретінде өзінің паролін пайдалана отырып, Ұйымдастырушының веб-серверінде тікелей қалыптастырылады. Өтінім берген уақыт «KOREM» АҚ-ның Электрондық сауда жүйесі серверіне өтінім түскен сәтте миллисекундтық дәлдікпен тіркеледі.

Электрондық сауда жүйесі пайдаланушылары өтінім беру кезінде сервердің жауап беру уақытын ескеруге тиіс: бұл уақыт «KOREM» АҚ сервері мен клиенттік жұмыс орны арасындағы байланыс сапасы мен маршрутизациясына қарай ондаған миллисекунд шегінде өзгеруі мүмкін.

64. Өтінімдерді сауда жүйесіне енгізу барысында проблемалардың алдын алу үшін қатысушыға келесі ұсыныстар беріледі: сауда жүйесін интернет-браузерде бір ғана құрылғыдан және бір ғана қойындында ашып пайдалану; саудаға өз аккаунты арқылы қатысу және бөгде, өтінімдерді автоматты түрде жіберетін бағдарламаларды қолданбау; вирус базалары жаңартылған антивирустық бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану.

65. Өтінімде көрсетілген деректердің дұрыстығына жауапкершілік толықтай қатысушыға жүктеледі.

3 – параграф Бағаларды есептеу және аукциондық сауда-саттықтың қорытындыларын шығару тәртібі аукциондардың Бірінші, Екінші және Үшінші түрлеріне бағаларды есептеу тәртібі

Аукционның Бірінші түрі:

- 1) Аукциондық сауда-саттық бір жақты аукцион нысанында өткізіледі.
- 2) Аукцион ұйымдастырушысы аукционға қатысуға берілген өтінімдер негізінде оларда көрсетілген бағалардың өсу ретімен құрылатын ранжирленген график жасайды.
- 3) Бағалар сауда-саттыққа қатысушылардың саны кемінде екі қатысушыны және сатуға арналған аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдердің электр қуатының әзірлігін ұстап тұру жөніндегі көрсетілетін қызметтің жиынтық көлемі іріктеу көлемінің кемінде 130% - ын құраған жағдайда ғана есептеледі. Егер бұл шарттар орындалмаса, Ұйымдастырушы бағаларды есептемейді, сауда сессиясы аяқталғаннан кейін сауданы жабады және аукцион өткізілмеді деп жариялайды.
- 4) Аукциондық сауда-саттықтың Бірінші түрінің жеңімпазын айқындау ең төмен аукциондық бағасы бар өтінімді таңдау арқылы сауда сессиясына осы

аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді қабылдау уақыты аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады.

Аукционның Екінші және Үшінші түрі:

1) Аукциондық сауда-саттық бір жақты аукцион нысанында өткізіледі.
2) Аукцион ұйымдастырушысы аукционға қатысуға берілген өтінімдер негізінде оларда көрсетілген бағалардың өсу ретімен құрылатын ранжирленген график жасайды.

3) Бағалар сауда-саттыққа қатысушылардың саны кемінде екі қатысушыны және сатуға арналған аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдердің электр қуатының әзірлігін ұстап тұру жөніндегі көрсетілетін қызметтің жиынтық көлемі іріктеу көлемінің кемінде 130% - ын құраған жағдайда ғана есептеледі. Егер бұл шарттар орындалмаса, Ұйымдастырушы бағаларды есептемейді, сауда сессиясы аяқталғаннан кейін сауданы жабады және аукцион өткізілмеді деп жариялайды.

4) Аукциондық сауда-саттықтың Екінші және Үшінші түрінің жеңімпаздарын айқындау сауда сессиясына осы аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді қабылдау уақыты аяқталғаннан кейін, тиісті қорытынды сараланған тізімге сәйкес жүйелі түрде аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді тандау (іріктеу) арқылы осы аукциондық сауда-саттық шеңберінде іріктеу көлеміне толық кірген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтер көлемі аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді тандау (іріктеу) арқылы жүзеге асырылады.

Аукционның Екінші және Үшінші түрінің жеңімпаздарының аукциондық сауда-саттыққа қатысуға арналған қорытынды өтінімдерінде көрсетілген аукциондық бағалар осы аукциондық сауда-саттық қорытындылары бойынша айқындалған тиісті тарифтерге айналады

66. Аукциондық сауда-саттықтардың әр түрі бойынша жеңімпаздар тізілімінде ақпарат Ережелердің 3-қосымшасына сәйкес көрсетіледі.

67. Аукциондық сауда-саттық жеңімпаздары бірыңғай сатып алушыға аукциондық сауда-саттық жүргізуге негіз болған алдын ала ТЭН-ді әзірлеуге жұмсалған шығындарды аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізіліміне енгізілген кезден бастап 30 (отыз) күн ішінде өтейді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген аукциондық сауда-саттық ретінде Бірінші түрдегі аукциондық сауда-саттық қабылданады.

68. Аукциондық сауда-саттықтардың қорытындысы бойынша жеңімпаздар тізіліміне енбеген қатысушыларға қатысты ақпарат құпия болып табылады және Ұйымдастырушы, Қаржы-есеп айырысу орталығы, бақылаушылар тарапынан үшінші тұлғаларға жария етілмейді.

69. Аукциондық сауда-саттықтардың жеңімпаздары тізілімі сауда сессиясы жабылғаннан кейін 1 (бір) сағат ішінде Ұйымдастырушының веб-сайтында жарияланады. Онда аукциондық тарифтер мен аукцион нәтижесінде іріктелген генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуаты көлемдері көрсетіледі.

70. Аукциондық сауда-саттықтардың қорытындысы бойынша Ұйымдастырушы сауда сессиясы жабылғаннан кейін 1 (бір) сағат ішінде қатысушыларға өткен аукциондық сауда-саттықтар нәтижелері туралы хабарламаларды электрондық форматта жолдайды. Жазбаша хабарламалар қатысушыларға келесі жұмыс күнгі Астана уақыты бойынша сағат 18:00-ден кешіктірілмей жолданады.

71. Ұйымдастырушы сауда сессиясы жабылғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей аукциондық сауда-саттықтардың өткізілу тәртібін толық ашып көрсету арқылы және осы сауда сессиясы шеңберінде сауда жүйесіне электрондық түрде берілген барлық өтінімдер туралы толық ақпаратты көрсете отырып, аукциондық сауда-саттықтардың нәтижелерін Уәкілетті органға жолдайды.

6 - тарау. Аукциондық сауда-саттықты өткізуді тоқтата тұру, уақытын ауыстыру немесе өткізбеу

72. Аукциондық сауда-саттықты өткізу мынадай мән-жайлар туындаған жағдайда 30 (отыз) минутқа дейінгі кезеңге тоқтатыла тұруы мүмкін:

- 1) серверлік жабдықтағы техникалық ақаулар немесе электрондық жүйенің жұмыс істемеуіне әкеп соққан электрондық жүйедегі іркілістер;
- 2) сауда жүйесіне қол жеткізудің мүмкін еместігіне себеп болған интернет желісі жабдығының немесе байланыс арналарының техникалық ақаулары.

73. Аукциондық сауда-саттықты өткізуді тоқтата тұрған кезде аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушы аукциондық сауда-саттықты өткізу процесінің қалпына келтірілетін уақытын көрсете отырып, сауда-саттықты тоқтата тұру себебі туралы қатысушыларды қолжетімді техникалық байланыс құралдары арқылы жедел хабардар етеді.

74. Аукциондық сауда-саттықты өткізу мынадай себептер бойынша тоқтылуы мүмкін:

- 1) осы Әдістемелік нұсқаулықтың 72-тармағында көрсетілген техникалық ақауларды жою үшін 30 минуттан астам уақыт қажет болған жағдайда;
- 2) сауда залы мен (немесе) сауда жүйесінің серверлік жабдығында электрмен жабдықтаудың екі сағаттан астам үзілуі;
- 3) мемлекеттік органдар тарапынан аукциондық сауда-саттықтарды өткізуге тыйым салынуы;
- 4) сауда жүйесінің жұмыс істемеуіне немесе саудалардың өткізілу мүмкін еместігіне әкелетін өзге де стандартты емес жағдайлар.

75. Осы Әдістемелік нұсқаулардың 74-тармағында көрсетілген себептер бойынша аукциондық сауда-саттық жойылған жағдайда, қайталама аукциондық сауда-саттық аукциондық сауда-саттық өткізілген күннен кейінгі келесі жұмыс күні өткізіледі.

Бұл ретте қатысушылардың берген өтінімдердің күші жойылады және аукциондық сауда-саттықтар ауыстырылған күні қайтадан беріледі.

76. Егер аукциондық сауда-саттық Қағидалардың 86-тармағында көрсетілген

себептер бойынша өтпеді деп танылған жағдайда, аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушы Қағидалардың 45-тармағына сәйкес күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде оны қайта өткізеді.

Бұл ретте егер қайталама аукциондық сауда-саттық өткізілмеді деп жарияланса, уәкілетті орган оларды келесі өткізу күнін айқындайды.

7 - тарау. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға рұқсатты шектеу шарттары

77. Өтінім беруші Ұйымдастырушы көрсететін қызмет үшін төлемді уақытында жүргізбеген жағдайда аукциондық сауда-саттыққа қатысуға жіберілмейді.

78. Осы Әдістемелік нұсқаулықтар бойынша тараптар міндеттемелерінің орындалмауы шартта көзделген форс-мажорлық жағдайлардың салдарынан туындаса, онда тараптар өз міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

8 - тарау Аукциондық сауда-саттықты өткізу кезінде сауда залында байқаушылардың болу тәртібі

79. Аукциондық сауда-саттық өткізу кезінде сауда залында болатын бақылаушылар аукциондық сауда-саттықтың ашықтығын қамтамасыз етеді.

80. Бақылаушылар келесі құқықтарға ие:

- 1) сауда сессиясына дайындық кезеңінде, сауда сессиясы өтіп жатқан уақытта және аукциондық сауда-саттықтың қорытындылары шығарылған кезде Ұйымдастырушының сауда залында болуға;
- 2) аукциондық сауда-саттыққа қатысуға жіберілген қатысушылар тізімімен танысуға;
- 3) сауда сессиясы басталғанға дейін Қаржы-есеп айырысу орталығынан Ұйымдастырушыға берілген конверттің ашылуына қатысуға;
- 4) аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдердің қаржылық қамтамасыз етілуіне қатысты Өтініш берушілер тізімі бар конверттің ашылу тұтастығын, ақпараттың дұрыс рәсімделуін және ұсынылуын растауға;
- 5) қаржылық қамтамасыз ету деректерін енгізу процесіне қатысуға және оларды сауда жүйесіне Ұйымдастырушы қызметкері тарапынан дұрыс енгізілгенін тексеруге;
- 6) сауда сессиясының өту барысын және оның Ережелерге сәйкестігін бақылауға;
- 7) қатысушылардың өтінім беру әрекеттерін бақылауға;
- 8) Ұйымдастырушы қызметкерінің әрекеттерін бақылауға;
- 9) Ұйымдастырушы қызметкерінің Қатысушылармен телефон арқылы сөйлескенін тыңдауға;
- 10) аукциондық сауда-саттықтың жеңімпаздарын айқындау және жеңімпаздар тізілімін қалыптастыру кезінде қатысуға;

11) Ережелерде көзделген жағдайларда аукциондық сауда-саттықтың қайта өткізілуіне қатысуға.

81. Аукциондық сауда-саттық өткізу кезінде Ұйымдастырушының сауда залында бақылаушылардың саны 8 (сегіз) адамға дейінгі мөлшерде қатысуы міндетті.

9 - тарау. Қорытынды ережелер

82. Аукциондық сауда-саттықтарды ұйымдастыру және өткізу барысында туындайтын даулар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан
пайдалануға берілетін генерациялайтын
қондырғыларды салуға арналған аукциондық сауда-саттықты
ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі Әдістемелік нұсқауларға
1-қосымша

ЖЭК жөніндегі ҚЕАО» ЖШС-нің ресми бланкісінде

**20__ жылғы «__» _____ аукциондық сауда-саттыққа қатысуға
өтінімнің қаржылық қамтамасыз етілуі бар Өтініш берушілер тізімі**

п/п	Сауда- саттық күні	Ұйымның толық атауы	Қаржылық қамтамасыз етудің түрі (банктік кепілдік/ резервтік аккредитив)	Қаржылық қамтамасыз ету нөмірі	Қаржылық қамтамасыз ету сомасы, мың теңге


Бас директор

(Т.А.Ә.)

Сұраныс пен ұсыныс кестелерінің әр түрлі нұсқаларында сауда көлемін анықтау мысалдары


Аукционның бірінші түрі бойынша базаны анықтау мысалдары:

Мысал 1. Сұраныс пен ұсыныс кестелері сәйкес келмейді. Аукциондық саудасаттыққа қатысуға өтінім берген қатысушылардың саны екіден аз (сурет. 1). Бұл жағдайда мәмілелер жасасу мүмкін емес және аукциондық сауда саттық өтпеді деп жарияланады.



Сур. 1


Мысал 2. Сұраныс пен ұсыныс кестелері сәйкес келеді. Аукциондық саудасаттыққа қатысуға өтінім берген қатысушылардың саны екіден астам (Сур. 2). Бұл жағдайда қатысушының өтінімі толық көлемде 15 мың теңге/МВт*ай бағасымен қанағаттандырылады.



Сур. 2

Аукционның бірінші түрі бойынша бағаны анықтау мысалдары:

Мысал 3. Сұраныс пен ұсыныс кестелері сәйкес келеді. Аукциондық саудасаттыққа қатысуға өтінім берген қатысушылардың саны екіден астам (Сур. 3). Бұл жағдайда 1 қатысушының өтінімі толық көлемде қанағаттандырылады, 2 және 3 қатысушылардың өтінімдері қанағаттандырылмайды, өйткені олардың өтінімдерінің көлемі іріктеу көлеміне толық енбеген.



Сур. 3